



Ахмет Байтұрсынұлы: Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

2022 жылдың 9 шілдеден
бастап шығады

№48/178
29 қараша



Облыстық апталық ақпараттық-жарнамалық газет
www.instagram.com/qorjyntubek_jarsysy



E-mail: priogazeta@mail.ru

18+

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА КӘСІПОРЫНДАР ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ ЖӘНЕ ЖАСТАРҒА ДӘРІС ОҚЫДЫ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қарағанды облысында өнеркәсіп кәсіпорындарының еңбек ұжымдарымен кездесті. Сондай-ақ ол мәслихат депутаттарымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен, жергілікті жұртшылықпен және бірінші өңірлік «Талдау мектебінің» тыңдаушыларымен жүздесті. Іс-шаралар барысында Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру жолындағы бірлескен жұмыстың негізгі бағыттары айқындалып, Палатаның мәслихаттармен және сарапшылармен өзара іс-қимыл форматтары талқыланды.

Сенат Төрағасы атап өткендей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Жолдауында айтылған бастамаларды сапалы іске асыру үшін барлық мүдделі тараптың кешенді әрі жүйелі бірлескен жұмысы қажет. Осыған байланысты мәслихат депутаттарымен және ҚХА мүшелерімен кездесуде жергілікті өкілді органдар мен сараптамалық-талдау қоғамдастығын заң шығару қызметіне белсенді тарту мәселесіне баса мән берілді. Мұндай формат Қазақстанның сапалы экономикалық өсуіне, Құрылыс, Цифрлық кодекстерді, Банктер мен банк қызметі туралы заңды, басқа да қажетті заңдарды уақтылы қабылдауға және Парламент қызметін одан әрі жетілдіруге тың серпін береді. Мәулен Әшімбаев өз сөзінде заң шығару үдерісі мен шешім қабылдаудың тиімділігін арттыруға арналған және саяси реформаларды біртұтас институционалдық жүйеге біріктіруді көздейтін парламенттік реформаға да назар аударды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа Жолдауында цифрландыру және жасанды интеллектті дамыту бағытына ерекше назар аударып, еліміздің стратегиялық даму бағдарын айқындап берді. Оны сапалы іске асыруға үлес қосу – бәріміздің маңызды міндетіміз. Сондай-ақ Мемлекет басшысы бір палаталы Парламентке көшу мәселесін қоғамдық және сараптамалық талқылауға шығарды. Парламенттік реформаның нәтижесінде мәслихаттардың да рөлі артады. Өйткені сіздер жергілікті жерлерде халықпен тікелей жұмыс істеп келесіздер. Қорытынды шешім азаматтардың пікірі ескеріле отырып, жалпыұлттық референдум арқылы қабылданады», – деді Палата Спикері. Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев

Қарағанды облысының әлеуетін одан әрі арттыру үшін күш біріктірудің маңызы зор екенін айтты. Бұл өңір ірі индустриалды орталық ретінде елдің экономикалық дамуы жолында ерекше мәнге ие. Қазіргі таңда бірқатар басым бағытта жоғары көрсеткіштер байқалады. Бұл үрдіс жаңа экономикалық модельге көшуге және Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыруға айтарлықтай ықпалын тигізіп отыр.

«Мемлекет басшысы экономиканы әртараптандыруға, өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын дамытуға үлкен көңіл бөліп келеді. Соның нәтижесінде өңірлерде жаңа кәсіпорындар іске қосылып, жұмыс орындары ашылууда. Сенат депутаттары өткен аптада алдағы үш жылға арналған республикалық бюджетті қарап, облысқа қосымша қомақты қаржы бөлуге қолдау білдірді. Палата алдағы уақытта да өңірді дамыту бағытындағы жұмысты жалғастыра береді», – деп, Мәулен Әшімбаев облыстың әлеуетін арттыру жолындағы маңызды міндеттерге тоқталды.

Машина жасау саласындағы сынқатерлер мен басым бағыттарға арналған дөңгелек үстелде де аталған мәселе кеңінен талқыланды. Мәулен Әшімбаев Қарағанды облысы қуатты индустриялық базаның және металлургия саласымен тығыз интеграцияның арқасында еліміздегі машина жасау кешенінде көшбасшы орынға ие екенін атап өтті. Ол соған қарамастан, бірқатар өзекті мәселелер де бар екенін тілге тиек етті. Бұл қатарда импортқа тәуелділік, кадр тапшылығы, техникалық және цифрлық олқылықтар сияқты түйткілдер бар.

«Бүгін біз елімізде Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен машина жасаудың белсенді дамып келе жатқанын көріп отырмыз. Осыған байланысты бірқатар мәселелерді шешу маңызды. Солардың бірі – қолжетімді қаржыландыруды қамтамасыз ету және инвестиция тарту. Осы және басқа да проблемаларды шешу мақсатында Сенат машина жасауды қолдауға арналған жеке заң жобасын әзірледі. Жалпы, Қазақстандағы машина жасау саласы айтарлықтай әлеуетке ие. Оны жүзеге асыру үшін мемлекеттік органдар, бизнес, ғылым және білім жүйесінің тиімді бірлескен жұмысы қажет. Мұндай ынтымақтастық бәсекеге қабілетті өндірістерді қалып-

тастыруға, оқшаулауды арттыруға және қазіргі заманғы, тиімді әрі экспортқа бағытталған машина жасау саласын дамытуға мүмкіндік береді», – деді Палата төрағасы өз сөзінде.

Мәулен Әшімбаев облыстың белсенді жастары – бірінші өңірлік «Қарағанды Талдау мектебінің» қатысушыларымен кездесуде жас буынның еліміздің дамуы және реформаларды іске асыру жолындағы рөліне кеңінен тоқталды.

Сенат Төрағасы сарапшыларға Taldau Community-дің құндылықтары және жобаның негізгі мәні жөнінде айтып берді. Ол Мемлекет басшысы еліміздің тұрақты дамуында аналитикалық тәсілдер маңызды рөл атқаратынына үнемі көңіл бөліп келе жатқанын тілге тиек етті.

Осыған байланысты Талдау мектебі бірнеше жылдар бойы мемлекеттік органдардың, ұлттық компаниялардың, білім және ғылым мекемелерінің және басқа да саладағы жас мамандардың талдау қабілетін шыңдауға қолдау көрсетіп келеді.

Сапар аясында сенаторлар Е. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық университетінің профессор-оқытушылар құрамымен және студенттерімен кездесті.

Сондай-ақ олар боччадан жолдастық матчты тамашалады. Бұдан басқа, депутаттар өңірдегі бірқатар кәсіпорынға арнайы барып, өнім өндіру технологиясымен танысты.

Сенаторлар алдымен, Qarmet диспетчерлік-талдау орталығына барды. Бұл нысан – компанияның цифрлық өзгерісінің орталық элементтерінің бірі. Орталық 2024 жылы ашылған және бүгінде Qarmet-тің барлық көмір өндіру нысандарына кешенді мониторинг жүргізеді. Оның көмегімен жабдықтар мен персоналдың жай-күйі, өндіру және қайта өңдеу параметрлері, өнеркәсіптік қауіпсіздік деңгейі, сондай-ақ, көлік және энергетикалық жүйелердің жұмысы тәулік бойы бақылауда болады.

Палата депутаттары барған келесі нысан – Саран қаласының индустриялық аймағында орналасқан автомобиль шиналарын шығаратын «Tengri Tyres KZ» ЖШС зауыты. «Attar» брендімен шиналар шығаратын кәсіпорын 2024 жылы іске қосылды.

Оның жобалық қуаты жылына 3,5 млн жеңіл, жеңіл жүк және жүк шиналарын құрайды. Нысанда резеңке қоспасын дайындаудан бастап құра-

стыруға, вулканизациялауға және дайын өнімнің сапасын көп сатылы бақылауға дейінгі өндірістің толық циклі жүзеге асырылады. Бүгінде зауытта 900-ге жуық адам жұмыс істейді.

Сонымен бірге сенаторлар автобус және коммерциялық техника шығаратын «QazTehna» ЖШС зауытына барды. Кәсіпорынның құрылысы 2019 жылы басталды. Жоба аясында бұрынғы резеңке-техникалық бұйымдар зауытының өндірістік және қойма аландарының 40,5 мың шаршы метр аумағы жаңғыртылды.

Бүгінде кәсіпорынның қуаты жылына 1200 автобус пен 10 мың коммерциялық техника бірлігін құрайды. Зауыт жұмысшылары өндірісті оқшаулау деңгейінің артқанын айтты. Кәсіпорында автобус шанақтарына қажетті металл элементтерінің кең спектрін шығаруға арналған Қазақстандағы алғашқы гидравликалық штамптау пресі орнатылған. Өндірісте Qarmet металлургиялық комбинатында шығарылатын отандық мырышталған болат пайдаланылады. Ол халықаралық сапа сертификатынан өткен және техниканың сериялық шығарылымында қолданылған.

Сондай-ақ Мәулен Әшімбаев тұрмыстық техника мен электроника өндірісіне маманданған «Silk Road Electronics» ЖШС зауытының қызметімен танысты. Кәсіпорын 2023 жылдың соңында пайдалануға берілген. Бүгінде мұнда тұрмыстық техниканың жеті санаты шығарылады. Олар: теледидарлар, кір жуу машиналары, су жылытқыштар, ас үй плиталары, ауасорғыштар, шаңсорғыштар және шағын пештер. Өнімдер Artel, Shivaki, Royal және басқа да серіктестердің брендтерімен өндіріледі. Зауыт 2025 жылы Samsung маркалы 39 мың теледидар мен кір жуғыш машиналарын шығарған. Олардың ішінде қазақ тіліндегі ЖИ және интерфейспен жабдықталған модельдер де бар. Қазірдің өзінде 2026 жылғы сериямен Samsung теледидарлары, сондай-ақ, Artel брендімен жаңа ас үй плиталары шығарыла бастады. Өндірісте жергілікті материалдар, соның ішінде Qarmet металы белсенді қолданылады.

**ҚР Парламент Сенатының
баспасөз қызметінің ақпараты бойынша**

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНДА СЕНАТ СПИКЕРІ МӘСЛИХАТ ДЕПУТАТТАРЫМЕН ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАЛАРЫНЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ТАЛҚЫЛАДЫ



Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев Қарағанды облысында мәслихат депутаттарымен, Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелерімен, жергілікті жұртшылықпен жүздесті. Іс-шаралар барысында Мемлекет басшысының тапсырмаларын іске асыру жолындағы бірлескен жұмыстың негізгі бағыттары айқындалып, Палатаның мәслихаттармен және сарапшылармен өзара іс-қимыл форматтары талқыланды.

Сенат Төрағасы атап өткендей, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жыл сайынғы Жолдауында айтылған бастамаларды сапалы іске асыру үшін барлық мүдделі тараптың кешенді әрі жүйелі бірлескен жұмысы қажет. Осыған байланысты мәслихат депутаттарымен және ҚХА мүшелерімен кездесуде жергілікті өкілді органдар мен сараптамалық-талдау қоғамдастығын заң шығару қызметіне белсенді тарту мәселесіне баса мән берілді.

Мұндай формат Қазақстанның сапалы экономикалық өсуіне, Құрылыс, Цифрлық кодекстерді, Банктер мен банк қызметі туралы заңды, басқа да қажетті заңдарды уақтылы қабылдауға және Парламент қызметін одан әрі жетілдіруге тың серпін береді. Мәулен Әшімбаев өз сөзінде заң шығару үдерісі мен шешім қабылдаудың тиімділігін арттыруға арналған және саяси реформаларды біртұтас институционалдық жүйеге біріктіруді көздейтін парламенттік реформаға да назар аударды.

«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев халыққа Жолдауында цифрландыру және жасанды интеллектіні дамыту бағытына ерекше назар аударып, еліміздің стратегиялық даму бағдарын айқындап берді. Оны сапалы іске асыруға үлес қосу – бәріміздің маңызды міндетіміз. Сондай-ақ Мемлекет басшысы бір палаталы Парламентке көшу мәселесін қоғамдық және сараптамалық талқылауға шығарды. Парламенттік реформаның нәтижесінде мәслихаттардың да рөлі артады. Өйткені сіздер жергілікті жерлерде халықпен тікелей жұмыс істеп келесіздер. Қорытынды шешім азаматтардың пікірі ескеріле отырып, жалпыұлттық референдум арқылы қабылданады», – деді Палата Спикері.

Сонымен қатар Мәулен Әшімбаев Қарағанды облысының әлеуетін одан әрі арттыру үшін күш біріктірудің маңызы зор екенін айтты.

Бұл өңір ірі индустриалды орталық ретінде елдің экономикалық дамуы жолында ерекше мәнге ие. Қазіргі таңда бірқатар басым бағытта жоғары көрсеткіштер байқалады. Бұл үрдіс жаңа экономикалық модельге көшуге және Қазақстанның инвестициялық тартымдылығын арттыруға айтарлықтай ықпалын тигізіп отыр.

«Мемлекет басшысы экономиканы әртараптандыруға, өңдеу өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын дамытуға үлкен көңіл бөліп келеді. Соның нәтижесінде өңірлерде жаңа кәсіпорындар іске қосылып, жұмыс орындары ашылуда. Сенат депутаттары өткен аптада алдағы үш жылға арналған республикалық бюджетті қарап, облысқа қосымша қомақты қаржы бөлуге қолдау білдірді. Палата алдағы уақытта да өңірді дамыту бағытындағы жұмысты жалғастыра береді», – деп, Мәулен Әшімбаев облыстың әлеуетін арттыру жолындағы маңызды міндеттерге тоқталды.



В КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ СПИКЕР СЕНАТА ОБСУДИЛ С ДЕПУТАТАМИ МАСЛИХАТОВ ВЫПОЛНЕНИЕ ПОРУЧЕНИЙ ПРЕЗИДЕНТА

Спикер Сената Маулен Ашимбаев встретился с депутатами маслихатов, членами Ассамблеи народа Казахстана, представителями общественности Карагандинской области. На повестке были определены основные направления совместной работы по реализации поручений Главы государства, а также форматы взаимодействия Палаты с маслихатами и экспертами по ключевым отраслям.

Качественная реализация инициатив Главы государства, которые были озвучены в ежегодном Послании Президента страны Касым-Жомарта Токаева, как подчеркнул спикер Сената, требует комплексного подхода и системного взаимодействия всех заинтересованных сторон. В этом ключе особое внимание во время встречи с депутатами маслихатов и членами Ассамблеи было уделено вовлечению местных представительных органов и экспертно-аналитического сообщества в законотворческую работу.

Такой формат придаст импульс качественному экономическому росту Казахстана, своевременному принятию необходимых законов, включая Строительный, Цифровой кодексы, а также закон о банках и банковской деятельности, и совершенствованию парламентской деятельности. Маулен Ашимбаев также акцентировал внимание на предстоящей парламентской реформе, которая нацелена на повышение эффективности законодательного процесса и принятия решений, и объединит политические реформы в единую институциональную систему.

«В Послании народу Президент страны Касым-Жомарт Кемелевич Токаев определил стратегический курс развития Казахстана, уделив особое внимание цифровизации и развитию искусственного интеллекта. Содействие его качественной реализации – наша приоритетная задача. Глава государства также предложил вынести на широкое общественное и экспертное обсуждение вопрос перехода к однопалатному Парламенту. В результате парламентской реформы повысится и роль маслихатов, поскольку вы напрямую работаете с населением на местах. Окончательное решение будет приниматься путём общенационального референдума с учётом мнения граждан», – сказал председатель Палаты, обращаясь к участникам встречи.

Объединить усилия, по мнению Маулена Ашимбаева, следует и для раскрытия потенциала Карагандинской области.

Как крупный индустриальный центр страны регион имеет важное значение для экономического развития страны. Высокие показатели по ряду перспективных направлений сегодня придают импульс для перехода к новой экономической модели и росту инвестиционной привлекательности Казахстана.

«Глава государства уделяет большое внимание диверсификации экономики, развитию обрабатывающей промышленности и сельского хозяйства. В результате в регионах начали работать новые предприятия, создаются рабочие места. Депутаты Сената на прошлой неделе рассмотрели республиканский бюджет на ближайшие три года и поддержали решение о выделении области дополнительно значительного финансирования. Работа по содействию развитию региона Палатой будет продолжена», – сказал председатель Сената и остановился на задачах по развитию потенциала области.

“ЭКСТРЕМИЗМГЕ ҚАРСЫ КҮРЕСТЕГІ БІЛІМНІҢ РӨЛІ”



Қазіргі жаһандану дәуірінде әлем елдері түрлі идеологиялық, мәдени және ақпараттық өзгерістердің ықпалында өмір сүріп келеді. Сол өзгерістердің көлеңкелі жағы ретінде экстремизм мен радикалдық көзқарастардың таралу қаупі де артып отыр. Бұл құбылыстардың алдын алуда ең пәрменді құралдың бірі – білім. Білім тек кәсіби дағдыларды дамыту ғана емес, адамның дүниетанымын кеңейтіп, сыни ойлау қабілетін қалыптастыратын, азаматтық жауапкершілігін арттыратын маңызды тетік. Сондықтан білімнің экстремизмге қарсы күрестегі рөлі ерекше әрі жан-жақты маңызға ие. Ең алдымен, сапалы білім адамның ақиқат пен жалған ақпаратты ажырата білуіне жағдай жасайды. Қазіргі цифрлық кеңістікте түрлі жалған насихат, манипулятивтік ақпарат, діни мазмұндағы бұрмалаулар көптеп таралуда. Мұндай ақпараттар әсіресе өмірлік бағыты қалыптасып үлгермеген жасөспірімдер мен жастар үшін қауіпті. Білім алған, ақпаратты талдай алатын, сын тұрғысынан қарайтын жас буын кез келген радикалды идеологияға қарсы иммунитет қалыптастыра алады. Демек, білім – адастыруға бағытталған идеологиялық шабуылдан қорғап тұратын қорғаныс қалқаны. Сонымен қатар, білім беру жүйесінде толеранттылық, құқықтық мәдениет, азаматтық бірегейлік секілді құндылықтарды жүйелі түрде насихаттау өте маңызды. Мектептер мен жоғары оқу орындарында өткізілетін тәрбие сағаттары, арнайы курстар мен оқу бағдарламалары жастарға адам құқығы, еркіндік, заң алдындағы жауапкершілік тәрізді базалық түсініктерді береді. Бұл өз кезегінде қоғамда бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға ықпал етеді. Білім – тек білім алушының ғана емес, жал-

пы қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әлеуметтік фактор. Экстремизмнің алдын алуда педагогтардың, психологтардың, дінтанушылардың және құқық қорғау органдарының бірлескен жұмысы қажет. Мұғалімдер жастардың мінез-құлқындағы өзгерістерді байқап, қажет жағдайда қолдау көрсетіп, қауіптің алдын ала алады. Дінтанушылар радикалды ағымдардың идеологиясын түсіндіріп, оның қауіпті тұстарын ашып көрсетеді. Ал психологтар жасөспірімдердің эмоциялық жағдайына, жеке тұлғалық дағдарыстарына дұрыс бағыт бере алады. Осындай кешенді жұмыс білім беру мекемелерін профилактикалық орталыққа айналдырады. Сонымен бірге, отбасы да осы үдерістің маңызды бөлігі. Ата-аналар балаларының кіммен араласатынын, қандай мазмұн тұтынатынын, интернеттегі әрекеттерін бақылап, оларға дұрыс бағыт-бағдар беріп отырса, экстремизмге қарсы қорғаныс одан әрі күшейеді.

Үйдегі тәрбиенің сапасы – мектеп пен қоғамдық институттар жұмысының табиғи жалғасы. Қорытындылай келе, экстремизмге қарсы күрес тек құқықтық немесе күштік амалдармен шектелмейді. Ол ең алдымен білім беру арқылы жүзеге асатын ұзақ мерзімді стратегиялық жұмыс. Білімді, ойлы, мәдениетті, ашық көзқарасты ұрпақ – кез келген радикалды ағымға қарсы тұра алатын ең мықты күш. Сондықтан қоғамның тұрақтылығын сақтау, елдің қауіпсіздігін нығайту, азаматтық бірегейлікті қалыптастыру жолында білімнің рөлі баға жетпес және оның маңыздылығын арттыру – баршамыздың ортақ міндетіміз.

Батыл Б.
АТТ мүшесі

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН ӘЛЕУМЕТТІК КЕПІЛДІКТЕРІ: ТАЛДАУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Мемлекеттік қызметшілер еңбек қауіпсіздігі мен денсаулықты қорғау, тиімді еңбек жағдайлары, сондай-ақ, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қорғалуға қамтамасыз етілуге құқылы.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында Департамент тарапынан мемлекеттік қызметшілерге еңбек демалысын беру және іссапар шығындарын өтеу тәртібінің сақталуына талдау жүргізіліп, нәтижесінде бірқатар бұзушылықтар анықталды.

Еңбек демалысын беру тәртібі

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңның 54-бабына сәйкес мемлекеттік қызметшілерге жыл сайынғы күнтізбелік 30 күндік ақылы еңбек демалысы және екі лауазымдық айлықақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы беріледі.

Жыл сайынғы еңбек демалысына ақы төлеу оның басталуына күнтізбелік үш күн қалғаннан кешіктірілмей, ал еңбек демалысы графиктен тыс берілген жағдайда – берілген күнінен бастап күнтізбелік үш күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

Алайда, талдау барысында 293 мемлекеттік қызметшіге еңбек демалысына төлемақы заңда белгіленген мерзімнен кеш төленгені – яғни демалыс басталғаннан кейін ғана аударылғаны анықталды.

Іссапар шығындарын өтеу

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 57-бабы мемлекеттік қызметшілерге іссапар кезіндегі шығыстарды өтеуді міндеттейді. Соған қарамастан, бірқатар қызметшілерге жол жүру ақысы, тұрғын үй жалдау және тәуліктік шығындар белгіленген мерзімде төленбегені анықталды. Нақты айтқанда, 1177 қызметшінің іссапарға қатысты төлемдері кешіктіріліп жүргізілген.

Бұл жағдайлар Әдеп жөніндегі кеңесте қаралып, кеңес мүшелері тарапынан мемлекеттік органдар басшыларына заң талаптарын қатаң сақтау туралы ескерту жасалды.

Заңсыз үстеме жұмыс мәселесі

Департаментпен мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту фактілеріне де тұрақты мониторинг жүргізілуде. Тексеру ұйымдарға бару арқылы және қол жеткізуді бақылау жүйесін талдау арқылы іске асырылады. 2025 жылдың 10 айының қорытындысы бойынша 133 қызметшінің құқығы тынығу сағаттарын беру арқылы қалпына келтірілді.

Сонымен бірге, мемлекеттік қызметшілердің жеке қажеттіліктерін ескере отырып, икемді жұмыс кестесін қолдану мүмкіндігі қарастырылған. Қазіргі таңда өңірде 36 қызметші осындай режимде жұмыс істейді, бұл олардың еңбек тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Арыз-шағымдар бойынша құқықтарды қорғау

Өз кезегінде, мемлекеттік қызметшілермен қатар азаматтардың құқықтарын қорғау – Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің басым бағыттарының бірі.

Мәселен, азаматтар мен мемлекеттік қызметшілерден түскен өтініштер негізінде жүргізілген тексерулер де құқық қорғау шараларын күшейтуге мүмкіндік берді. Нәтижесінде 9 азамат пен 4 мемлекеттік қызметшінің құқығы қалпына келтірілді.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен әлеуметтік кепілдіктерін сақтау – олардың кәсіби міндеттерін адал және тиімді орындауына жағдай жасап қана қоймай, мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етіп, қоғамның мемлекетке деген сенімін арттыратыны сөзсіз.

Б.Макеев,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Қарағанды облысы
бойынша департаменті
басшысының орынбасары,
Әдеп кеңесі хатшылығының
меңгерушісі

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІ- ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ТАРАТУ КЕЗІНДЕГІ САЛЫҚТЫҚ БЕРЕШЕКТІ ӨТЕУ

Бірқатар БАҚ-та жарияланған материалдарда Қаржы министрінің «Салық төлеушілердің таратылуы, қайта ұйымдастырылуы және қызметін тоқтатуы кезінде салықтық міндеттемені орындаудың кейбір мәселелері туралы» №654 бұйрығы заңнамаға қайшы келеді және компания құрылтайшыларына жаңа міндеттер жүктейді деген пікір айтылды. Осыған байланысты МКК ресми түсініктемесін жариялауда.

№654 бұйрық ешқандай жаңа талап енгізбейді. Бұл бұйрық 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енетін Салық кодексінің нормаларын іске асыру үшін қабылданған. Онда компаниялар жойылғанда немесе қызметін тоқтатқанда салықтық міндеттемелерді қалай орындауы керектігі айқындалған.

Негізгі қағида бұрынғыдай қалады:

- компанияның салықтық берешегі болса — ол Салық кодексінде көзделген тәртіппен өндіріледі;
 - компания мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда - құрылтайшылардың жауапкершілігі тек Қазақстан Республикасының заңдарымен тікелей белгіленген жағдайларда ғана туындайды.
- Бұл қағида бұрыннан бар - Салық кодексінде, Азаматтық кодексте және Банкроттық туралы заңда көрсетілген. №654 бұйрық осы нормаларды қайталайды және мемлекеттік кірістер органдарының өкілеттіктерін

кеңейтпейді.

Құрылтайшы қашан жауапкершілікке тартылады.

Құрылтайшы субсидиарлық (бірескен) жауапкершілікке тек ұйым банкрот деп танылғаннан кейін және нақты құқық бұзушылықтар анықталған жағдайда тартылады, мысалы:

- ұйымды әдейі банкроттыққа әкелу;
- мүлікті шығару немесе жасыру;
- таратылатын компанияның құжаттарын тапсырмау;
- мүлкі жеткіліксіз кезде сотқа банкроттық туралы өтініш бермеу.

Неліктен түсінбеушілік пайда болды.

Кейбір жарияланымдар бұйрықтың бір тармағын құрылтайшылардың жауапкершілігін кеңейтеді деп түсіндірді. Алайда бұл тармақ Салық кодексінің 75-бабының нормаларын ғана қайталайды және қолданыстағы ережелерді өзгертпейді.

Маңызды ақпарат

№654 бұйрық заңды бұзбайды және құрылтайшыларға жаңа міндеттер жүктемейді.

Ол мемлекеттік кірістер органдарына жаңа өкілеттік бермейді.

Ол тек бұрыннан заңдарда бекітілген рәсімдерді жүйелейді және нақтылайды.

Приозерск қаласының салық басқармасы

РЕЛИГИЯ И ГОСУДАРСТВО: ГРАНИЦЫ СВЕТСКОСТИ В СОВРЕМЕННОМ МИРЕ



В XXI веке вопрос взаимодействия религии и государства приобретает особую актуальность. Глобализация, миграционные процессы, расширение информационного пространства усиливают роль религии в общественной жизни, одновременно требуя от государств сохранения светского характера. Именно поэтому принцип светскости становится ключевым элементом устойчивого развития и общественной гармонии.

Светское государство — это не отрицание религии, а нейтралитет власти по отношению ко всем вероисповеданиям. Оно гарантирует свободу совести, равенство граждан независимо от их религиозной принадлежности и недопустимость навязывания каких-либо догматов. Такая модель позволяет избегать конфликта интересов, защищает права верующих и неверующих, а также обеспечивает объективность государственных решений.

Современная международная практика показывает, что сбалансированное разграничение сфер религии и государства способствует стабильности. Там, где религиозные институты вмешиваются в политику, нередко возникают идеологические конфликты, радикализация, дискриминация отдельных групп. В то же время полное вытеснение религии из общественной жизни тоже приводит к напряжённости, поскольку религиозные ценности продолжают оставаться важной частью идентичности многих людей. Поэтому ключевым является именно баланс, а не крайности. Особая роль светскости проявляется в

системе образования. Государственные школы и университеты обязаны обеспечивать объективное, научное преподавание истории религий, культуры и этики, не отдавая предпочтения какой-либо конфессии. Это формирует у молодёжи критическое мышление, уважение к разнообразию и способность отличать духовность от религиозной пропаганды. Именно образование становится мостом между культурным наследием и современными ценностями гражданского общества. Не менее важна и социальная роль религиозных организаций. Они участвуют в благотворительной деятельности, поддержке нуждающихся, укреплении моральных ориентиров. Однако их работа должна осуществляться строго в рамках закона и не нарушать принципов равенства и светскости. Такое взаимодействие позволяет объединить усилия государства и религиозных общин во благо общества.

В условиях стремительно меняющегося мира светскость не теряет своей ценности, а напротив — становится гарантией стабильности и общественного согласия. Чёткое разграничение полномочий государства и религии обеспечивает уважение к каждому человеку, защищает права множественных конфессий и формирует атмосферу доверия. Светскость — это фундамент, на котором строится справедливое, толерантное и современное общество.

Айдархан Т.Т.
Главный специалист ОБП

Наследственное дело

Наследственное дело открыто после смерти гражданина Утегенов Еркебай Пердебаевича, умершего 10 июня 2025 года. Наследникам, а также физическим и юридическим лицам к которым Утегенов Еркебай Пердебаевич имели обязательства обращаться к нотариусу Карабекову Омар Сайлауовичу по адресу: Карагандинская область, г. Приозерск, улица Космонавтов, дом 1, офис 3. Справки по телефонам: 5-38-94; +7 708 142 6899; e-mail: omar.karabek@mail.ru

Электронный почта: priogazeta@mail.ru

Таралымы: 500 дана

Жарнама бөлімі: +7-707-345-79-35

QORJYNTÜBEK JARŞYSY

Меншік иесі: «ИП Исатай М.А.»
Бас редактор: Исатай М.А.
Техникалық редактор: Исатай М.А.
Редакция мекен-жайы: Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, 101100, Жеңіс Бульвары, 38а, 5.
Газет Қарағанды қаласы, Сәтпаев көшесі 15, «Арқо» ЖШС-де басылды.
Тапсырыс №48/178, Таралымы: 500 дана, пішімі: А3

Анықтама телефондары: +7-707-345-79-35
Жарнама бойынша: +7-707-345-79-35
Электрондық почта: priogazeta@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуден өтіп, 2022 жылғы 27 маусымда №86VPY00051152 куәлігі берілді.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Суреттер интернеттен және архивтардан алынды. Фотосуреттер мен қолжазбалар қайтарылмайды. Газет әр аптаның сенбі күні шығады. Балаларға тыйым салынған.